

Солтанаева Е.М.,
Сағындықов Н.Б.,
Оспанова Г.Т.

Жыраулар поэзиясындағы ұлттық идея

Мақалада жыраулар поэзиясындағы ұлттық идеяның көрініс табуы қарастырылған. Ұлттық идеяның негізі ретінде елдік, халықтық идеялар айқындалып, олардың Бұқар, Үмбетей, Қожаберген жыраулар мен Шал ақын шығармашылығындағы ерекшелігі талданады. Жыраулар поэзиясынан көрініс беретін ұлт ұлықтаған мінездер, халықтың әр өкілінің бойына жарасымды жүріс-тұрыс нормасы, ұлттың әсемдікке деген көзқарасы сараланады. Толғаулардағы орда, хан, хандық обаздарын талдай келе жыраулар поэзиясы хандықты мығым етуге, халықты береке-бірлікке ұйыстыруға жұмсалатындығы анықталды.

Қожаберген жыраудың өз көзімен көріп бақылаған «Елім-ай» жырындағы жоңғар халқының ұлттық характері мен қазақ халқының мінездері салғастырыла қарастырылады. Жырдағы елдік идеяның бейнелену ерекшелігі сөз болады.

Түйін сөздер: жыраулар поэзиясы, ұлттық идея, ұлттық характер, интерпретация, қазақ халқының дүниетанымы, мінез-құлық нормалары, ұлттық рух.

Soltanaeva E.M.,
Sagyndykov N.B.,
Osponova G.T.

The National idea in the poetry of zhyrau

In the article principles of an embodiment of national idea in the poetry of zhyrauar considered. It has been established, that the national idea is the precondition of national identity's origin. In the article features of its embodiment in works of Bukharzhyrau, Umbeteyzhyrau, Kozhabergenzhyrau and Shalakynare analysed. The great attention is given a problem of reflection of national character, ethical standards of behaviour of each member of a society, aesthetic views of people in the artistic works. On the basis of the analysis of the Horde, khan, state's images in the article it is proved, that the poetry of zhyrau has been directed on strengthening of the state, the unification of the country and the preservation of the people's unity.

In the article comparison of national character Dzhungars and Kazakhs on the material of Kozhabergenzhyrau's tale, which has participated in military actions and has described event of impacts with Dzhungars as the witness. The ideas of the patriotism received reflection in this work and closely intertwining national idea are considered.

Key words: the poetry of zhyrau, the national idea, national character, interpretation, outlook of Kazakh people, norm of behaviour, national spirit.

Солтанаева Е.М.,
Сағындықов Н.Б.,
Оспанова Г.Т.

Национальная идея в поэзии жырау

В статье рассматриваются принципы воплощения национальной идеи в поэзии жырау. Было установлено, что народная идея является предпосылкой зарождения национальной идентичности. В статье проанализированы особенности ее воплощения в произведениях Бухара жырау, Үмбетей жырау, Қожабергено жырау и Шала ақына. Особое внимание уделяется проблеме отражения в произведениях национального характера, этических норм поведения каждого члена общества, эстетических воззрений народа. На основе анализа образов Орды, хана, ханства в статье показывается, что поэзия жырау была направлена на укрепление ханства, на объединение страны и сохранение единства народа.

В работе проводится сопоставление национального характера джунгаров и казахов на материале сказания Қожабергено жырау «Елім-ай», участвовавшего в военных действиях и описавшего события столкновений с джунгарами как очевидец. Рассмотрены идеи патриотизма, получившие отражение в данном произведении и тесно переплетающиеся с национальной идеей.

Ключевые слова: поэзия жырау, национальная идея, национальный характер, интерпретация, мировоззрение казахского народа, нормы поведения, национальный дух.

ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ

Қазақ әдебиетінің тарихынан ғасырлар бойында ұлттық идеяның бедерлену көрінісін бақылау ғылым үшін маңызды. Себебі бұл ең алдымен ұлттық сананың ағымын бақылау, гуманитарлық ойдың жылжуын қадағалау деген сөз. Қайсыбір кезеңдерде ұлттың ұлы тұлғалары, ірі тұлғалары бас қосқанда өзектенген басты ой қандай болғанын, тек жеке тұлғалар емес, дүйім жұртты не алаңдатып, яғни қоғамдық сананы нендей идеялар жайлағанын анықтауда әдеби мұраны, әрине, тарихпен, фәлсапамен сабақтастыра қарастырған жөн.

Осы тұрғыдан алғанда А. Сейдімбек, Х. Әбжанов, Қ. Салғараұлы «Ұлттық идея: тарихи тағдыры мен болашағы» атты ұлттық идеяның тарихи даму динамикасын бақылаған еңбектері өзекті. Осы еңбекте қазақ даласындағы ұлттық идеяның тууы мен даму белестерін кешенді түрде тиянақтап, болашағына көз жүгіртіп көреді. Кітапта ХҮІІІ ғасырдағы ұлттық идея қызметі жөнінде былай делінген: «қазақ жерін Жоңғар империясының шапқыншылығынан азат ету (Абылай хан, Бұқар жырау, Қожаберді, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Ақтамберді жыраулар, Төле, Қазыбек, Әйтеке билер, қазақ ел-жұртын азат еткен батырлар). Ұлттық идеяның ұлтық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі әлеуеті ашылды» – дейді [1, 6].

Расымен, ХҮІІІ ғасырда өмір сүрген ақын-жыраулардың қай қайсысында болмасын шығармашылығына негізгі өзек болған тақырып елдің береке-бірлігі, ынтымақтастығы, көшпелі қоғамның әр мүшесінің өз қызметін дұрыс орындауы.

Бұқар жырау:

Жақын жерден шөп жесе,
Жердің сәнін кетірет,
Ағайынның аразы,
Елдің **сәнін** кетірет.
Абысынның аразы,
Ауыл **сәнін** кетірет – десе [2, 35].

Үмбетей жырау:

Бай болмаған бай болса,
Жайламаған сай қоймас,
Би болмаған би болса,

Айтылмаған сөз қоймас,
Хан болмаған хан болса,
Қаналмаған ел қоймас, – дейді [2, 25].

Бұқар жырау:

... Ер жігітке **жарасар**,
Қолына алған найзасы.
Би жігітке **жарасар**,
Халқына тиген пайдасы.
Ақсақалға **жарасар**,
Тілеуқорлық айласы.
Бәйбішеге **жарасар**,
Емізіктегі сабасы.
Келіншекке **жарасар**,
Емшектегі баласы.
...Бұл жалғанда бір жаман
Ағайынның аласы – деп келеді [2, 26].

Яғни қарадан бастап, ханға дейінгі дүйім жұрт, ағайын, туыс, абысын-ажын, бәйбіше-тоқал, келін-кепшік, қыз-келіншек, бойжеткен мен бозбала, ер жігіт, жігіт ағасы, ақсақал, би, бай, барлығының өзіне тән, жарасымды жүріс-тұрыс нормасы жыраулар поэзиясында белгіленген. Әрине, бұл жүріс-тұрыс нормалары бір күнде қалыптаспаған, ол халықтың сан ғасырлық дүниетанымының негізіндегі түсініктер.

Үмбетей жырау:
Ұрысқақ болса, ұлың жау.
Керіскек болса, келінің жау.
Үйіндегі ұлың жаман болса,
Есіктегі құлмен тең.
Қойнындағы қатының жаман болса,
Қаңтардағы мұзбен тең – [2, 36]

деп адамның жаманы қандай, жақсысы қандай болатындығын сын безбенімен парықтайды.

Мұның барлығы халықтың ғасырлар бойындағы әдет-ғұрып, салт-сана, жөн-жобалары арқылы сіңісті болған қағидалары. В.В.Радлов өзінің «Из Сибири» деген еңбегінде: «Мен қазақтар арасында көп болдым және мына жағдайға көзім анық жетті, оларда бейберекеттілік (анархия) деген жоқ, тек бізден өзгеше өзіндік ерекшеліктері бар. Ол ерекшелігін әбден реттелген өзіндік мәдени қарым-қатынас деуге болады» – деген екен.

Жыраулар поэзиясындағы халықтың әр өкілінің өз міндетін, қызметін, жарасымды қылығын пайымдаудағы түпкі мақсат халықты біртұтас ел ретінде қалыптастыру. Ұлттық мінезді айқындау. Г.Лебонның пікірінше: «Халықтың мінезі және наным-сенімдері – оның тағдырын шететін, міне осылар. Мінездің басты бөлшектері өзгермейді. Дәл осы өзгермейтіндіктің арқасында білгілі бір халықтың тарихы әрқашан

өзінің біршама бүтіндігін сақтайды. Ал наным-сенімдер өзгеруі ықтимал. Сол өзгеретіндігінің нәтижесінде тарих өз жылнамасына талай төңкерістің болғанын жазып жатады дейді» [3, 25]. Бұл ақиқатты жыраулар да білген. Сондықтан да, әр нәрсенің өз сәнін, жарасымын жырлау арқылы ұлттық мінез-құлыққа норма белгілейтіндей.

Шал ақынның:

Шайы сиса, асыл қылыш ердің көркі,
Ер жігіт жауға аттанған елдің көркі.
Жарасар әрбір нәрсе өз сәнімен,
Аққу құс айдын шалқар көлдің көркі.

Гүл шешек орман өсіп желкілдеген,
Биік тау, асқар төбе жердің көркі,
Ағайын бір уақыт жақсы болса,
Сонымен табылады елдің көркі... – дейді [2, 41].

Мұнда батырлықты, ержүректілікті, өз жерін сыртқы жаудан қорғаған жігіт образы ұлт үшін қастерлі екендігі бейнеленіп, бастысы ел татулығы, ағайынның бірлігі дәріптеледі. Дәріптеу кейде кеңес ету түрінде беріледі. Айтылған кеңес-ақыл қараға ғана емес, ханға да айтылады. Ханның да сәнін келтірер, сәнін кетірер әрекеттер туралы толғамдар жасалады.

Бұқар жыраудың:

Соғыспа деп жырлайды,
Бұқарекен деген кәріңіз,
Соғыссаң кетер **сәніңіз**,
Бізден бұрын өтіпті,
Өзіреті әліңіз.
Жаулық жолын сүйеңіз,
Мынау жалған сұм дүние,
Өтпей қалмас деменіз... [2,32]-

деп жырлайды. Яғни хан қызметіне де жыраулар әділ сын айта отырып, тоқсан үштегі қарт баба ханның сәнін соғыс кетіреді деп біледі. Бұл жерде жырау ұлт мүддесі үшін, ұлт өз есесін жіберіп алмас үшін тіл қатып отыр. Тағы да жыраудың ойлағаны өз мүддесі емес, халық қамы. Сондай-ақ ханның бітістірушілік, төрелік айту қызметі де бар екендігін толжырларында таңбалаған. Оны садыр руына айтқан мына жырынан көруге болады:

...Абылай алдында сен бітсең,
Құдандалы таныспын,
Абылай алдында бітпесең,
Атасын білмес алыспын – дейді [2,51].

Сондай-ақ хандық қызмет етуге де өзіндік өлшеммен қарап,

Ханның жақсы болмағы –
Қарашаның елдігі.
Қараша халық сыйласа,
Алтыннан болар белдігі [2, 14].

Байқасақ, Бұқар жырау өлендерінде әр нәрсенің сәні, әр адамға жарасымды қылықтар, гармониялық үйлесімдік көп айтылады екен. Соған қарағанда, жырау өте талғампаз, сұлулыққа жаны құмар, эстет адам болғанға ұқсайды. Өмірді көркем тұрғыда қабылдап, өз ойындағы әсем әлемге елді жетелейді. Тіпті тоқсан үшке келіп тұрған өз бойынан да сән іздеп таба алмай, кешірім сұрағандай болады.

Құбылып тұрған бәйшешек,
Қурай болар солғанда,
Ақиық бүркіт төмендер
Екі қанат талғанда,
Сөге көрме Абылай,
Мен пақырда сән бар ма?
Уақытым мұндай болғанда?! – деп [2, 23]

өзін екі қанаты талған ақиық бүркітке теңейді. Ақиық бүркіт мұнда асқақтықтың, еркіндіктің символындай.

Сұлулықты, сәнді, жарасымды тек адам бойынан ғана емес, елден, ауылдан, тіпті айналасындағы заттардан көреді. «Ұлттық идея: тарихи тағдыры мен болашағы» атты кітапта қытай киімі мен тамағына үйір болан «табғаштың тәтті сөзін малданып, жібегі мен шарабына алданған» Ғұн мемлекеті Хан империясының боданы болып, ақыры елдігінен айырылғанын білмей қалғандығы туралы айта келіп, «Бұдан шығар қорытынды сол – ұлт үшін, оның дамып, өркендеуі үшін сол ұлттың өзіне қатысты «ұлттық» деп аталатын дүниенің ұсақ-түйегі жоқ екендігі, ел тәуелсіздігін сақтауға, ең ақырғысы, күнделікті киетін ұлттық киімнің мен ұлттық тағамына дейін қызмет етеді» – деп әділін айтты [1, 65]. Яғни жырау суреттеп отырған заттар тек жылтырақ дүниелер емес, бұл ұлттың әсемдікке деген көзқарасы. Бұқардың Абылайдың ақ ордасын нақышына келтіріп сипаттауынан да осыны аңғарамыз.

Еңсесі биік боз орда,
Салтанатқа орнатқан.
Болаттан шеге соқтырып,
Шаңырағын торлатқан...
Қазығын қалайыдан қақтырып,
Тоқпағын сом алтыннан соқтырып,
Нықыра күміс шаптырып,
Былғары саба пісіріп,
Шыны аяқпен іштірген,

Орындығын оймыштап,
Ою-нақыш салдырған,
Сандығын сары алтынға малдырған [2, 56].

Ордадағы әр заттың әр бөлшегіне дейін сәнді. Бұл тек сыртқы атрибутика ғана емес. Орда әрқашан сән-салтанат ошағы, бар халықты біріктіретін күш, сондай-ақ әспеттелетін, киелі орын. Ордасы осындай болғанда, хан образы тіптен асқақ.

Жалпы, жыраулар поэзиясы хандықты мығым етуге, халықты береке бірлікке ұйыстыруға жұмсалды. Мұны, әсіресе Бұқар жыраудың «Тілек» өлеңінен көреміз. Жырау он бір түрлі тілек тілеу керегін айтады. Сол тілектердің ішінде тек жеке басқа қатысты дүниелер айтылмайды. Керісінше, қоғам бүтіндігі, мемлекет іргесінің беріктігі мәселелері көп көтеріледі.

Жыр авторының дүниені сезінуі ерекше. Индивидуалисттік емес, ұжымдық сана, әлеуметтік ымырашылдық өлеңнен айқын сезіледі. Жырау қоғамның әрбір жеке өкілімен рухани байланыс орнатуы үшін, оған қайырыла сөйлейді. Әдетте, ұжымдық сана халық басына үлкен қауіп-қатер, нәубет төнген уақытта ерекше көрінеді екен. Бұқар заманы дәл сол қазақ еліне бір жағынан Жоңғар империясы, бір жағынан Ресей патшалығы, бір жағынан Қытай империясы секілді алпауыттар қазақ халқына қауіп тудырып отырған заман болды. Осы кезде ұжым атынан, халық атынан, ел атынан жыраулардың сөз сөйлеуі ұлттық сананың қалыптасқанының көрінісі. Олар ұлттық мүддені ойлап әрекет етуге шақырғанын көруге болады. Жыраулар поэзиясында хан, хандық, орда, ел-жұрт сөздерінің қайталанып отыруы да екінші жағынан ұлттық идеологияның тапсырысы еді.

Жыраулар поэзиясындағы арғымақ ат пен азаматты, табиғат құбылыстары мен адамзат өмірін шендестіре жырлау, дұшпан мен дос, жақсы мен жаман, жалғыздық пен көптік мотивтерінің астарында да дәуірдің рухани-эстетикалық сұранысын көруге болады. Жақсы мен жаманның ара жігін ажырату, жақсы қасиеттерді теріп санау арқылы ұлтқа тән қасиеттерді қалыптастыру деген сөз. Ұлт идеясы сол халықтың арман-мақсат, талап-тілек, мұрат-мүддесінен көрінетіні анық. Яғни халықтың туа бітті өз мінезінен туындайды. Халық өз ұрпағының бойынан қандай қасиеттерді көргісі келеді, қандай мінезді бойына сіңіреді, қандай әрекеттерді ерекше ұлықтайды? Осының барлығы жыраулық поэзиядан көрініс тапқан.

Қожаберген жыраудың «Елім-ай» жыры да ұлт мінезі, ұлттық намыс тегеурінді көрінген іргелі туынды. Халықты намыс қысқан кезінің көрінісі. Мұнда халықтың өз есесін жібермей, кеудесін таптатпау жолындағы ерлерінің ісін ұлықтау бар. Манаш Қозыбаевтың ««Елім-ай» шын мәнінде ұлттық сананың биік шыңы, ұлттық сергелдеңге душар болған мұңы, болашаққа құлаш сілтеп, қайсар, намысшыл қазақтың ұлт болмысын жаңартуға ұмтылысының шаншыла атқан қайнар жыры. «Елім-ай» ұлтымыздың «Илиада» мен «Одиссеясындай» эпикалық өміршең трагедиясы» – деп бағалауы тегін емес [5, 32].

«Елім-ай» жырының «Майданда ерлеріме қуат беріп, көрші елдердің қалдырмасын табасына», «Тілеймін жалбарынып жаратқаннан, Халқымды еткізбе деп жауға мазак» деп басталатын сөз басынан-ақ ел мүддесі бірінші орында тұрғаны көрінеді.

«Елім-ай» жырының бір ерекшелігі автор қан майданға өзі қатысып, өз көзімен көргендіктен де болар көп нәрсені шынайы бере алған. Ауыз әдебиетін зерттеуші Қаратай Биғожаұлы: «Толыбайсыншыұлы жырау 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атанған ірі апатты өз басынан өткеріп, көзімен көрген, қырғынның жуан ортасында болған қарт баһадүр. Сол аса қатерлі сапарда ол Науан, Әсет есімді екі батыр баласынан, өзіне әрі өкіл бала, әрі атқосшы саналған Айбек, Ермек атты екі батыр азаматтан айырылып, бәйбішесі екеуі әрең дегенде көппен бірге жау қоршауын бұзып өтіп, аман құтылады. «Елім-ай» әнін, «Елім-ай» күйін, «Елім-ай» жырының бірінші бөлімін Қожаберген ақын сол қоршауда тұрған кезінде шығарыпты» - дейді [4]. Яғни жырдағы автор әрі кейіпкер ретінде де көрінеді. Жырда ұлттық рух, ұлттық мінез мықты көрініс тапқан. Автор болып жатқан оқиғаға тек жеке басы тұрғысынан баға бермейді, өмірлік оқиғаларға объективті түрде қалыптасқан қарым-қатынастар тұрғысынан баға береді.

Тек қазақ халқының ұлттық мінез ерекшеліктерін ғана емес, жорғарлардың да образын сомдайды. Мәселен:

Сақал да жоқ, мұрт та жоқ,
Өңкей көсе, көнті ауыз,
Ел шапқанға көңілі тоқ,
Қанға тоймас жалмауыз [5, 28].

Мінез құлқын суреттегенде де «қанға тоймас сұмдар, мейірімсіз бұзық қулар» деп сипаттайды. Киім киіс, жүріс-тұрыс, ой-таным, түсінігі де жырда көрініс тапқан:

Әйелдерше шашты өсіріп,
Бұрым еткен қалмақтар,
Қалдырып аз шаш төбеді,
Тұлым қойған қалмақтар,
Сыйқсыз сондай сұмдармен,
Шықтық талай жекпе-жек,
Айдарынан ұстап бас кесіп,
Алған едік жаудан кек – дейді [5, 30].

Жоңғар халқының жүріс-тұрыс, мінез-құлқы, киім-киісі, ас ішуі ғана қазаққа (жырдың бірнеше жерінде жоңғарлардың етті шикі жейтіні, етті сысытып, шірітіп жейтіндігі айтылады) таңсық емес, олардың жалпы дүниетанымы қазаққа керек. Яғни қазақы түсінігі «адал», «харам», «ұят», «обал», «сауап» туралы түсініктерден жоңғарлар ада екендігін байқаймыз. :

... Тамағыжауданжегенхарамболған.
Сасытып һәм құрт татып ет жей тұғын,
Дұшпанға қалайынша көңілі толған?

деген жолдардан қазақ халқының түсінігіндегі «адал», «харам» ұғымдары тек жеуге болатын және жеуге болмайтын дүниелермен шектелмейтінін, «Тамағын жаудан жеген харам болар» деп Қожаберген жырау айтқандай адал еңбекпен табылмаған, ұрлық-зорлықпен табылған астың харамдығын айтып отыр. Ал осындай харам жерге өз қыздарын беріп, олардың обалына қалғанша, өлген артық дегенді айтады. Қожаберген жырау сатқындық дегенді емес, «обал» түсінігін де бекер айтып отырған жоқ, қазақы түсінік бойынша біреуге зиян келтіру, мейлі ол қоршаған ортаға болса да, мейлі жансыз затқа қатысты айтылса да біреуге қиянат жасау бұл обал. Ал өз баласын жай жатқа емес, діні, тілі, тегі жатқа матап беру, оның өміріне балта шабу, бұл енді шынымен сұмдық еді.

Жырда жоңғар халқының қазақ халқымен салыстырып, оларға тән мінездерді көптеп беріп отырады. Жоңғар халқын сипаттайтын эпитеттерден олардың мінез-құлқы көрінеді. Әрине, онда эмоциялық күй басым болғанымен, десе те халықтың мінез-құлқына қатысты біраз шындықтан хабар береді. Жырда: «сұм жоңғар», «аяусыз жоңғар», «қан төккіш, бұзық жоңғар», «кәпір жоңғар», «зар еңіреткіш жоңғар», «дүлей жоңғар, санасыз», «ит жоңғар», «әділетсіз жоңғар», «сұмырай қалмақ», «күнәһар қалмақ» надан қалмақ», «халықты зар илеткен қалмақ» деген тіркестер бар. Шынымен жоңғардың басқыншы жаулары әділетсіз соғыс жүргізгені тарихтан мәлім. Олай деуге қыр иесінің себебі де бар:

...Жау алды қазақтың кең сахарасын,
Талайды оққа ұшырып, кесіп басын.
Күнасыз жүкті әйелдің ішін тіліп,
Найзалап шырылдатты жас баласын [5, 65] –

деген баяндауларжонғарлардың тым мейірімсіз, қандықол жендет мінездерін көрсетеді.

Қазақ халқына қатысты эпитеттерден де қазақ халқына тән ұлттық менталитет көрінеді. «Сауықшыл бейбіт жатқан Қазақ едік», «Аңғал қазақ алданған», «Қанданды қазақ атам кең даласы «Бытырап шіл боғындай тозып кетті, Болса да біздің Қазақ берекелі», «Өскенбіз Қазақ ұлы бір ұяда, Қызыққан ел емеспіз дүнияға», «Бұл заман, қай-қай заман, қасқыр заман, Көрші ел жоқ қазақтарға қас қылмаған», «жомарт қазақ», «Бауырмал, жомарт ел едік, Ешкімді сырт теппеген. Не пиғылдан тап бол-

дық, Біле алмаймын індетке?», «Табанды елім-қазағым» – деген жолдардан расымен қазақ халқына тән қасиеттер, атап айтсақ, елдің берекелілігі, аңғалдығы, жомарттығы, сауықшылдығы, дүниеге қызықпайтындығы, бауырмалдығы, мың өліп, мың тірілген табандылығы көрінеді. Жырдағы ұран іспетті жолдар ұлт рухының биіктігін көрсетеді.

Жорықта жолың болсын азаматым,
Болыңдар жаудан кекті қайтаратын.
Кеудеңде шыбын жаның болса егер,
Жоғалтпа жер бетінен қазақ атын![5, 67].

Қорыта айтқанда, жыраулық поэзиядағы ынтымақ, береке, бірлік түсініктері хандық, мемлекеттік ұғымдармен өте тығыз байланысты екендігі ұлттық идеяның мәнін анықтайды.

Әдебиеттер

- 1 Сейдімбек А., Әбжанов Х., Салғараұлы Қ. Ұлттық идея: тарихи тағдыры мен балашағы. – Астана: Фолиант, 2012. – 248 б.
- 2 Бес ғасыр жырлайды. Алматы: Жазушы, 1989. – 384 б.
- 3 Қамзабек Д., Омарұлы Б., Шәріп А. Ұлттық әдебиет және дәстүрлі ментальдік. Алматы: ARNA-B, 2013. – 192 б.
- 4 Биғожаұлы Қ. Қожаберген жырау // <http://el.kz/m/articles/view/content-4494>
- 5 Қожаберген жырау. Елім-ай. Астана, 2003. – 257 б.

References

- 1 Seydimbek A., Äbjanov X., Salğaraulı Q. Ulttıq ideya: tarixi tağdırı men balaşağı. – Astana: Foliant, 2012. – 248 b.
- 2 Bes ғasır jırlaydı. Almatı: Jazwşı, 1989. – 384 b.
- 3 Qamzabek D., Omarulı B., Şärip A. Ulttıq ädebiet jäne дәstürli mentaldik. Almatı: ARNA-B, 2013. – 192 b.
- 4 Biğojaulı Q. Qojabergen jıraw // <http://el.kz/m/articles/view/content-4494>
- 5 Qojabergen jıraw. Elim-ay. Astana, 2003. – 257 b.